

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1839

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы бюджеттік мекемелердің алынған нан, ұн және жарма үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша республикалық бюджет мен мемлекеттік ресурстардан босатылған 1994 жылғы өнімнің астығы үшін ақы төлеу жөнінде республикалық бюджетке жалпы сомасы 15,0 (он бес) млн. теңге берешегі бар Оңтүстік Қазақстан облысының "Ақ бидай" акционерлік қоғамы арасындағы берешекке бір жолғы есептеу жүрсін;

аталған сома Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін қаржыландыру есебіне есептеліп, ол бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетілсін.

2. "Ақ бидай" акционерлік қоғамы аталған есептеу жүргізудің

есебінен Оңтүстік Қазақстан облысының қылмыстық-түзету жүйесі мекемелерінің, нан беруші "Шымкент-нан" акционерлік қоғамына 1-тармақта көрсетілген сомадағы берешектерін өтеуді жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі нан, ұн және жарма үшін кредиторлық қарызды, қаржыландыру кезінде бөлінетін қаражат есебіне есептейтін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары